# «РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕМІЗ...»

***29 сәуірде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде оқу орнының дамуына зор үлес қосқан ардагер ұстаздарды еске алуға арналған «Рухына тағзым етеміз...» атты ас беру шарасы болып өтті.***

Шараға бүгінде қатарымызда жоқ ардагер ұстаздардың жұбайлары, ұрпақтары арнайы шақырылды. Қонақтар алдымен университет ректоры Қ.Қ. Бозымов пен облыстық орталық мешітінің найб-имамы Самат Әлібайұлының бастауымен Ысқырық тау аумағындағы зират басына барып, марқұм болған барлық ардагерлердің және университет ректоры болған С.Ш.Жұбаевтың әруағына құран бағыштады. Зират басынан оралған шара қонақтары 108 ардагердің фотосуреттері ілінген «Рухына тағзым етеміз...» атты стендті тамашалады.





Ас беру дастарханында сөз алған университет ректоры Қ.Қ.Бозымов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Ш.Шамғонов, Ә.Ә.Қарасаев, Т.Х.Рысқалиев, С.Ж.Ищанова, Л.А.Лауберт, т.б. елу жылдық белеске көтерілген оқу орнының еске алып отырған ардагерлермен бірге жұмыстас болған кездерді ерекше бір сезіммен әңгімеледі.

Шақырылған қонақтар да көрсетілген ықылас-ілтипатқа риза болып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

**Айгүл АХМЕТОВА**